



директоры

08. 2024ж.

«Келісілді»

Аудандық білім бөлімінің
әдістемелік кабинеті әдіскері

А.Касп

« 29 » 08 2024ж.



ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2024-2025 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 бұйрығы толықтырулар және өзгерістерімен)

Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы

Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің 25.08.2022 ж. №377 бұйрығы,

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысы, v

Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидалары, Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің 21.12.2022 жылғы №506 бұйрығы,

Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.03.2023 жылғы №61 бұйрығы,

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы,

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы негізінде жасалды.

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;
- 6) білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;
- 7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалу туралы белгі
<i>I. Диагностика</i>							
1	Білім алушының мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін зерттеу: «Балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сараптамалық бағалау (В. И. Чирков, О. Л. Соколова, О. В. Сорокина) «Баланың мектепке бейімделуін сараптамалық бағалау» бағалау (В. И. Чирков, О. Л. Соколова, О. В. Сорокина)	Психодиагностика	1- сынып жетекшілері 1-сынып ата-аналары	Қыркүйек	Сауалнама	Педагог – психолог	Хаттама
2	Білім алушының қарым-қатынасын, іс-әрекетін және мотивтерін бағалау: Баланың өзін-өзі бағалауы және оқушыны ата-аналар мен педагогтың тестімен бағалауы	Психодиагностика	2- сынып оқушылары, ата-аналары, сынып жетекшілері 3,4- сынып оқушылары, ата-аналары, сынып жетекшілері	Қыркүйек Қазан	Сауалнама Сауалнама	Педагог – психолог	Хаттама

3	Сыныптағы психологиялық климатты зерттеу: Л.Г.Федоренконың «Сыныптағы психологиялық климаттың жағдайын қалай анықтауға болады» деп аталатын сауалнамасы	Психодиагностика	4-сынып оқушылары 5-сынып оқушылары	ІҮ тоқсан, сәуір І тоқсан, Қазан	Сауалнама Сауалнама	Педагог – психолог	Хаттама
4	Оқу мотивациясын зерртеу: Бастауыш сыныптардан орта мектептерге көшу кезінде оқушыларды оқыту мотивациясын зерттеу әдістемесі М.Р. Гинзбург	Психодиагностика	4-сынып оқушылары 5-сынып оқушылары	ІҮ тоқсан, сәуір І тоқсан, Қазан	Сауалнама Сауалнама	Педагог – психолог	Хаттама
5	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау: НСВ-10	Психодиагностика	5-6-7 сынып	Қараша Наурыз	Тест	Педагог – психолог	Хаттама
6	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау: М. Ковач сауалнамасы	Психодиагностика	7-11 сынып	Қараша Наурыз	Сауалнама	Педагог – психолог	Хаттама
7	Оқушылармен кәсіптік бағдар беру барысында оқушылардан сауалнама алу: Е.А.Климов «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы» әдістемесі	Психодиагностика	9-11 сыныптар	Желтоқсан	Сауалнама	Педагог – психолог	Хаттама

8	Қабілеті жоғары оқушылардың базасын жасау: Ф. Татл және Л.Беккер «Балалардың бейімділігінің мүмкіншілігін және дарындылығын анықтау» /мұғалім»/ «Баланың дарындылығын анықтау» /ата-ана/	Психодиагностика	5-11 сыныптар	Қаңтар	Сауалнама	Педагог – психолог	Хаттама
9	Мектеп ұжымымен диагностика: Ассингер тесті Снайдер тесті	Психодиагностика	Мұғалімдер	Кезінде	Тест	Педагог – психолог	Хаттама
10	Темперамент типін анықтау: «Сіздің темпераментіңіз» тесті (А. Белов) (сұраныс бойынша)	Психодиагностика	3-11 сынып	Кезінде	Тест	Педагог – психолог	Хаттама
11	Оқушылардың әлеуметтік ортасын, қарым-қатынас сферасын зерттеу: «Социометрия» әдістемесі Дж. Морено (сұраныс бойынша)	Психодиагностика	6-7 сынып	Кезінде	Тест	Педагог – психолог	Хаттама
12	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау (зейін, ес, қиял, ойлау т.б) (сұраныс бойынша)	Психодиагностика	2-4 сынып	Кезінде	Тест	Педагог – психолог	Хаттама

13	Сұраныс негізінде ата-аналарға арналған диагностикалық жұмыстар	Психодиагностика	Ата-ана	Кезінде		Педагог – психолог	Хаттама
14	Проективті әдістемелерді жүргізу (жеке құрылымдалған сұхбат бойынша)	Психодиагностика	5-11 сыныптар	Кезінде		Педагог – психолог	Хаттама

II. Түзету- дамыту жұмысы

1	Жеке оқушымен түзету-дамыту сабағы	Түзету - дамыту жұмысы		Кезінде	Тренинг	Педагог – психолог	Түзету -дамыту парағы
2	Топтық түзету- дамыту сабағы	Түзету - дамыту жұмысы		Кезінде	Тренинг	Педагог – психолог	Түзету- дамыту парағы
3	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен түзету дамыту сабақтары	Түзету - дамыту жұмысы		Кезінде	Тренинг	Педагог – психолог	Түзету- дамыту парағы

III. Профилактика және психологиялық ағарту

1	Оқушының мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуі бойынша психологиялық ағартушылық жұмыстары	Ағартушылық	1,5,10 сынып ата-аналары, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері	Қыркүйек, қазан	Семинар, конференция, дәрістер, семинар-практикумдар, кездесулер т.б.	Педагог – психолог	Хаттама
2	Балалардың суицидтік және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу, психологиялық	Алдын алу, ағартушылық	5-11 сынып оқушылары	Тоқсанына бір рет/ әр сыныпқа	Психолог сағаты	Педагог – психолог	Анықтама

	ағартушылық жұмыстары (2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулы)		ата-аналары, мұғалімдер		Семинар, конференция, дәрістер, семинар- практикумдар, кездесулер т.б.		
3	Зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің және балаларға қатігездікпен қараудың алдын –алу, психологиялық ағартушылық жұмыстары (2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулы)	Алдын алу, ағартушылық	1-11 сынып ата-аналары, мұғалімдер, оқушылар	Токсанына бір рет/ әр сыныпқа	Психолог сағаты Семинар, конференция, дәрістер, семинар- практикумдар, кездесулер т.б	Педагог – психолог Емхана, ЖБО мамандары мен бірлескен жұмыс	Анықтама
4	Психология апталығы:	Алдын алу, ағартушылық		Ақпан		ДТО Педагог – психолог	Анықтама
5	Кәсіби бағыт-бағдар берудегі ағартушылық жұмыстары	Ағартушылық	9 - сынып ата-аналары, мұғалімдер, оқушылар	Кезінде	Психолог сағаты, семинар, конференция, дәрістер, семинар- практикумдар, кездесулер т.б	Педагог – психолог	Анықтама

6	Мектеп бітіруші 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға және 9 сыныптар үшін мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақтар	Ағартушылық	11- сынып оқушылары, ата-аналары, мұғалімдер	Кезінде	Психолог сағаты, семинар, конференция, дәрістер, семинар-практикумдар, кездесулер т.б	Педагог – психолог	Анықтама
7	Эмоционалдық құлдыраудың алдын алу жұмыстары	Алдын алу, ағартушылық	Мектеп қызметкерлері	Кезінде	Психолог сағаты, семинар, конференция, дәрістер, семинар-практикумдар, кездесулер т.б	Педагог – психолог	Анықтама

IV. Консультация беру

1	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ата-аналары мен пән мұғалімдерін психологиялық сүйемелдеу	Кеңес беру	ЕББҚ оқушылардың ата-аналары мен пән мұғалімдері	Кезінде		Педагог – психолог	Кеңес беру журналына тіркеу
2	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша «Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке	Кеңес беру	5-11 сынып	Жыл бойы		Педагог – психолог	Кеңес беру журналына тіркеу

	сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау						
3	Диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша кеңес беру	Кеңес беру	Мұғалім, ата-ана, оқушы	Кезінде		Педагог – психолог	Кеңес беру журналына тіркеу
4	Сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру		Кезінде		Педагог – психолог	Кеңес беру журналына тіркеу

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

1	Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу		1-11 сынып ата-аналары	Қыркүйек	Келісім парағы	Педагог-психолог Сынып жетекшілер	Келісім парағын жинақтау
2	Психологиялық қызмет отырысын үйлестіру		ПҚ мүшелері	Токсанына бір рет	Отырыс	ДТО Педагог-психолог Әлеуметтік педагог	Хаттама
3	Семинарлар, конференциялар, кәсіби байқауларға қатысу					Педагог-психолог	

VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер